

## **Астана қаласының тұсаукесерін өткізудің шаралары туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1998 жылғы 6 маусымдағы N 104

Жұмыс уақытын ұтымды пайдалану және Қазақстан Республикасының бас қаласы - Астана қаласының ресми тұсаукесерін өткізудің қажетті жағдайын қамтамасыз ету  
м а қ с а т ы н д а :

1. Астана қаласында орналасқан орталық атқарушы органдардың басшылары қызметкерлердің жұмыс режимін және Қазақстан Республикасының бас қаласы - Астана қаласының ресми тұсаукесеріне арналған салтанатты рәсімдер мен шараларды өткізуге көліктік қызмет көрсетуді орнатсын.

2. Астана қаласының әкімі 1998 жылғы 10 маусым - Қазақстан Республикасының бас қаласы - Астана қаласының ресми тұсаукесер күні Астана қаласының аумағында орналасқан ұйымдардың айрықша жұмыс режимін белгілесін.

**П р е м ь е р - М и н и с т р**